



## МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА!

Т.Рысқұлов ауданы білім бөлімі Облыс әкімдігінің білім басқармасының 2025 жылғы 21 ақпандағы №02-760 хатына сәйкес, «Қауіпсіз балалық шақ!» жобасын 2025 жылы іске асыру бойынша жоспарды және «Қауіпсіз балалық шақ!» жобасы Жарғысында көзделген мақсаттары мен тапсырмаларын, жобаның индикаторларын орындау үшін жолдайды. «Қауіпсіз балалық шақ!» жобасын 2025 жылы іске асыру бойынша жоспардың орындалуы бойынша ақпаратты ай сайын, әр айдың 10-ы ақпарат ұсынуларыңызды сұраймыз.

Басшы



М.Сванов

Орындаған: А.Джамбулбаева  
Тел: 2-14-10

Т. Рыскулов ауданы  
білім бөлімінің басшысы  
  
«25» ақпан 2025 ж



«Қауіпсіз бағалық шақ!» жобасын 2025 жылғы іске асыру бойынша  
ЖОСПАР

№	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің профилактикасы бойынша <b>жүргізіліп жатқан жұмысты</b> бұқаралыққапарат құралдарында жариялау	Әр тоқсанның 20 күні	Білім бөлімі, білім беру ұйымдары
2	Өз-өзіне қол жұмсау құралдарына (шатырға шығуды бақылау, орынсыз контентті бұғаттау, дәрілік препараттарды жауапты қолдану) қол жеткізуді шектеу бойынша <b>ақпараттық-түсіндіру жұмысын</b> ұйымдастыру	Ай сайын	Білім бөлімі, білім беру ұйымдары
3	Әрбір білім беру ұйымында ата-ана қауымдастықтарын (аналар, әкелер, әжелер, аталар клубтары) құру	15.03.2025 жылға дейін	Білім бөлімі, білім беру ұйымдары
4	Ауданда 3 жылға дейін жұмыс етілі бар педагог-психологтардан тұратын топ құрып, орын алған оқиғаларды бір реттік зерделеулерге және консилиумдарға қатыстыру (қатысу ережесін бекіте отырып)	25.02.2025 жылға дейін	Прокуратура, Психологиялық қолдау орталығы, білім беру ұйымдарының педагог-психологтары

5	Әрбір орын алған оқиға және консилиумдар нәтижесімен брошюралар дайындап, кейіннен психологтарға арналған сайтта жариялау	Тұрақты	Психологиялық қолдау орталығы, білім беру ұйымдарының педагог-психологтары
6	Суицидтік мінез-құлқық белгілері бар кемелетке толмағандарды анықтаудың және олармен әрі қарай жұмыс істеудің бірыңғай алгоритмін әзірлеу және бекіту	14.03.2025 жылға дейін	Психологиялық қолдау орталығы, білім беру ұйымдарының педагог-психологтары
7	Мектепшілік есепке алуды жүргізу аясында кейс-менеджмент (нақты мәселені шешу) тегігін (жағдайды анықтаудан бастап проблеманы толық шешуге дейін) енгізу	24.05.2025 жылға дейін	Білім бөлімі, Психологиялық қолдау орталығы, білім беру ұйымдарының педагог-психологтары
8	Қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды әлеуметтік қызметтердің кешенді сүйемелдеуіне бағытталған «Отбасылық қауіпсіздік» жобасын іске асыру	25.03.2025 жылға дейін	Білім бөлімі, білім беру ұйымдары, құрлымдық бөлімдер
9	Балалар, жасөспірімдер мен жастар арасында өмірге деген он көзқарасты, табысты мінез-құлық дағдыларын, қазіргі болмысты сыни тұрғыдан бағалау қабілетін және теріс әсерге (қысымға) қарсы тұра білуін қалыптастыруға бағытталған бейнероликтер жасау	Әр айдың 4 күні	Білім бөлімі, білім беру ұйымдары,
10	Білім беру ұйымдарында ата-аналар арасында жалпыға бірдей ағартуды жүргізу арқылы бала - ата-ана қарым-қатынасын нығайту, ол үшін әлеуметтік педагогтер бірлескен спорт, мәдениет іс-шараларын өткізу	Тоқсан сайын	Білім бөлімі, білім беру ұйымдары, құрлымдық бөлімдер

	<p>Біртекті жұмыс жұмыс жоспарын құра отырып, барлық білім беру мекемелерінде нақты күнді белгілеу</p>		
	<p><b>Күтілетін нәтижелер:</b></p> <p>1) Мектепшілік есепке алу санын 5%-ға ұлғайту, олардың тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алу;</p> <p>2) Мектептерде ұдайы сабақтан қалғушыларды 5%-ға анықтауды жоғарлату;</p> <p>3) Суицид пен оған әрекет жасау санын 5%-ға төмендету; 4) 3 жылға дейінгі педагог-психолог мамандардың практикалық тәжірибесін 100% жоғарлату;</p> <p>5) Балалардың бос уақытын қамтуды 50%-ға дейін қамту;</p> <p>6) Қолайсыз отбасылардан шыққан балаларды нақтылап, олардың жүріс-тұрысын бақылап, қылмыстық құқық бұзушылықтарды 5% алдын алу.</p>		

«Бекітемін»

Жамбыл облысының  
прокуроры

Н.М. Әбдіров

«\_\_\_\_\_» ақпан 2025 жыл

## «Қауіпсіз балалық шақ!» жобасының ЖАРҒЫСЫ

**Жобаның атауы:** «Қауіпсіз балалық шақ!».

**Жоба жетекшісі:** Жамбыл облысы прокуратурасының 3-Басқармасы.

**Жобаға қатысушылар:** Жамбыл облысы прокуратурасының 1,2,3,4,5,6 – басқармалар және облыс прокурорының аға көмекшілері, қалаадан прокурорлар, Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасы, Цифрландыру және архивтер басқармасы.

**Жобаның мерзімі:** 2025 жылғы 1-ші жартыжылдық.

**Жобаны қабылдаудың негіздемесі:**

1. Бас прокуратурамен кеңейтілген алқа отырысының 24.01.2025 жылғы хаттама шешімінде алдағы кезеңге прокуратура органдарының қызметіндегі басым міндеттер айқындалды («Заң және тәртіп», «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тұжырымдамаларын іске асыру).

2. Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың **5,4%-ға** (93-тен 98-ге) өсуі.

**Анықтама ретінде:** ҚК-нің 99-бабы-2, 106-бабы-3, 107-бабы-2, 108-1-бабы-6, 109-1-бабы-4, 120-бабы-3, 121-бабы-4, 122-бабы-3, 132-бабы-1, 188-бабы -41, 190-бабы-2, 191-бабы-7, 194-бабы -3, 200-бабы -1, 287-бабы-1, 293-бабы-14, 297-бабы-1, 345-бабы-4, 389-бабы-2.

3. Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар **63,2%-ға** (133-тен 192-ге) өскен.

4. Педагог-психологтардың тәжірибелік деңгейінің төмендегі (облыс аумағында 88 жас маман қызмет етеді).

5. Кәмелетке толмағандар арасында суицид **40%-ға** (10-нан 14-ке), оған оқталу **240%-ға** (5-тен 17-ге) өсуі орын алған.

**Жобаның мақсаты мен тапсырмалары:**

1. Ведомствоаралық әрекеттестіктің тиімділігін арттыру мақсатында мекемеаралық жұмыс тобын құру (әрі карай - МЖТ).

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы жағдайға әсер ететін жүйелік мәселелерді анықтау және шешу.

3. Қадағалау аумақта заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету.

4. Балалардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және алдағы уақытта бұзушылықтарға жол бермеу шараларын қабылдау.

5. Құқық қорғау мен жергілікті атқарушы органдарында жолданымдармен жұмыстың деңгейін, оның ішінде цифрлік технологияларды енгізу арқылы, көтеру.

**Жобаның нәтижелері мен индикаторлары:**

1. Колледжішілік, мектепішілік есепке алу санын **5%-ға** ұлғайту, олардың тарапынан қылмыстық құқық бұзушылықтарды алдын алу.

Анықтама ретінде: мектепшілік есепте 587 (Тараз қ. – 218, Мерке – 111, Жуалы – 53, Шу – 46, Сарысу – 42, Байзақ – 37, Жамбыл – 25, Мойынқұм – 22, Қордай – 16, Т.Рысқұлов – 11, Талаас – 6), колледжішілік есепте 178 бала тұрады.

2. Колледждерде ұдайы сабақтан қалушыларды 5%-ға анықтауды жоғарлату.

3. Суицид пен оған әрекет жасау санын 5%-ға төмендету.

4. 3 жылға дейінгі педагог-психолог мамандардың практикалық тәжірибесін 100% жоғарлату.

5. Жұмыс істеу процесіне жасанды интеллектті интеграцияландыру, цифрлық технологиялар мен аналитикалық бағдарламаны енгізу.

6. Ата-аналардың құқықтық мәдениетін көтеру (жан-жақты шаралар қабылдау).

7. Жүйелі мәселелерді шешу.

Көмір алаптарының кәсіпкерлік қызығарынысін арттыру мақсатында...

1. Көмір өндірісін дамыту;
2. Қарапайым қызығарынысін арттыру;
3. Құрылымдық қызығарынысін арттыру.

Сонымен қатар біріккен қорымен қызығарынысін арттыру...

### Көмірдің түрлері

Тас көмір – көмірдің негізгі түрі. Оның қызығарынысы өте жоғары және оны өндіріс үшін кеңінен пайдаланады. Тас көмірдің түрлеріне қарағанда, олардың қызығарынысы әртүрлі болады. Мысалы, антрациттің қызығарынысы өте жоғары, ал битуміндікі төмен. Осыған байланысты, тас көмірдің түрлерін пайдалану әртүрлі болып келеді. Антрациттің қызығарынысы өте жоғары болғандықтан, оны металлургияда кеңінен пайдаланады. Битумінді көмірдің қызығарынысы төмен болғандықтан, оны негізінен жылыту үшін пайдаланады. Осымен бірге, тас көмірдің түрлерін пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау мақсатында әртүрлі шаралар қабылданады.

Көмір көмір – геологиялық жасы жағынан жаңа және ежелгі көмір деп бөлінеді. Жаңа көмірдің қызығарынысы өте жоғары және оны өндіріс үшін кеңінен пайдаланады. Ежелгі көмірдің қызығарынысы төмен және оны негізінен жылыту үшін пайдаланады. Осымен бірге, көмірдің түрлерін пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғау мақсатында әртүрлі шаралар қабылданады.



## **«Қауіпсіз балалық шақ» жобасын бекіту және мекемеаралық жұмыс тобын құру туралы**

Заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 15-бабы 2-бөлігінің 2-тармақшасын басшылыққа алып,

### **ӨКІМ ЕТТІМ:**

**I. «Қауіпсіз балалық шақ» жобасын бекітуді (бұдан әрі - Жоба).**

**Жобаның мақсаты:** ведомствоаралық әрекеттестіктің тиімділігін арттырып, кәмелетке толмағандарға қатысты өзекті мәселелерді шешу және қадағалау аумағында заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету, олардың құқықтарын қалпына келтіру, құқықтық сауаттылығын көтеру.

**Жобаның негізгі міндеті:** облыс аумағында кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, уәкілетті органдармен құқық бұзушылықтарды алдын алуға бағытталған жұмыстардың тиімділігін талдау, осы саладағы жұмысты жетілдіру және жаңдандыру, жұмыстың деңгейін көтеруге арналған цифрлік технологияларды енгізу.

**Жобаның іске асыру кезеңі:** 2025 жылғы 1-шы жартыжылдық.

Қалааудандарда көшпелі кездесулер мен акциялар облыс прокурорымен бекітілген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

**II. Төмендегі облыс прокуратурасы, құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар (келісім бойынша) қызметкерлері құрамында мекемеаралық жұмыс тобын (әрі қарай - МЖТ) құруды:**

МЖТ жетекшісі ретінде – Жамбыл облысы прокурорының орынбасары

**Б. Мухамеджанды** белгіледі.

Жамбыл облысының прокуратурасы:

- Облыс прокуратурасының Қоғамдық мүдделерді қорғау басқармасының бастығы **Е. Мақашев;**

- Облыс прокурорының аға көмекшісі **А. Раимкулов;**

- Облыс прокурорының аға көмекшісі **Э. Баймешов;**

- Облыс прокуратурасының Жедел-іздістіру, қарсы барлау қызметі мен жасырын тергеу әрекеттерінің заңдылығын қадағалау басқармасының прокуроры **Қ. Есілбаев;**

- Тараз қаласы прокурорының орынбасары **Р. Әлім;**

- Тараз қаласы прокуратурасының бөлім бастығы **М. Ақынбек;**

- Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасының басшысы **Р.Садырқұлов;**

- Жамбыл облысы әкімдігінің Цифрландыру және архивтер басқармасының басшысы **Р. Нокрабеков;**

- Жамбыл облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасы басшысының м.а. **Е. Мусабаев;**

- Облыстық кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысы **З. Турғынова;**

- Облыстық психологиялық қолдау орталығының басшысы **Р. Раев;**

- Жамбыл политехникалық жоғары колледжі директорының м.а. **Б. Мұрахан;**

**Жобаның жауапты орындаушысы:** облыс прокурорының аға көмекшісі **Ж.Берлібай.**

### **III. Жұмысты ұйымдастыру:**

МЖТ-нің негізгі мақсаты органдарының заңмен бекітілген функцияларын іске асырып, Жобаны жүзеге асыру.

Құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар өзара келісім бойынша мекемеаралық тиімді әрекеттестікті қамтамасыз етеді, күрделі және ауқымды бірлесіп атқаруға жататын іс-шараларды белгілейді, олардың жоспарын құруды қамтамасыз етіп, бекітеді.

Қажеттілігіне байланысты топтың мүшелері басқа қызметкерлермен ауыстырылуы немесе толықтырылуы мүмкін.

### **IV. МЖТ-нің негізгі міндеттері:**

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды алдын алуы бойынша тиісті жұмыстар жүргізіп, жіберілген заңбұзушылықтар бойынша нақты шараларды қабылдау.

2. Құқықтық актілердің жобаларын, әдістемелік ұсыныстарды, анықтамалық және басқа да ақпаратты дайындау.

3. Балалар арасында құқық бұзушылықтар санын азайту, оның ішінде өлім мен жарақаттануды азайту және білім беру мекемелерінде қауіпсіздікті арттыру.

4. Суицид пен оған әрекет жасаудың себеп салдарын, оларды алдағы уақытта болдырмауға бағытталған нақты іс-шараларды ұйымдастыруды.

5. Қалыптасқан өзекті мәселелерді анықтау және оларды шешу жолдары бойынша норма шығармашылық бағытында негізделген ұсыныстар әзірлеуді жұмыс тобының жүйелі түрде оқу мен кәсіби деңгейін арттыру бойынша шаралар қабылдауды.

6. Жұмыс істеу процесіне жасанды интеллектті интеграцияландыру, цифрлық технологиялар мен аналитикалық бағдарламаны әзірлеу мен енгізу.

7. Халықтың құқықтық мәдениетін және ата-аналардың жауаптылықтарын көтеру шараларын әзірлеу және жүзеге асыру.

V. МЖТ-нің жетекшісі Жобаның нәтижелері туралы МЖТ-нің жұмысы бойынша айына 2 рет тыңдап, облыс прокурорына ай сайын баяндайды. Қызметтік хат 2025 жылғы 1,2,3,4-тоқсандардың нәтижелері бойынша облыс прокурорының атына жолданады.

VI. Осы өкімнің орындалуын қадағалауды МЖТ-нің жетекшісі Б.М. Мухамеджанға тапсыруды.

VII. Осы өкімді жұмыс тобының мүшелерін таныстырып, орындалуын қамтамасыз ету үшін тиісті органдарына жолдауды.

**Облыс прокуроры**

**Н. Әбдіров**

ИС «Қағалау» 20171213